

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN

Мультимедиялық  
акустикалық жүйе 2.0

## ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



**STREAM  
LIGHT**

[www.sven.fi](http://www.sven.fi)

***SVEN CM акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!***

**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

© 2014. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

**САУДА МАРКАЛАРЫ**

Барлық сауда маркалар олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

**ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ**

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкес-сіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген зақым үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

**МАЗМҰНЫ**

<b>1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС</b> .....	<b>1</b>
<b>2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ</b> .....	<b>2</b>
<b>3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ</b> .....	<b>2</b>
<b>4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ</b> .....	<b>2</b>
<b>5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ</b> .....	<b>3</b>
<b>6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ</b> .....	<b>5</b>
<b>7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР</b> .....	<b>5</b>

**1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС**

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймау үшін тексеріңіз. Құрылғыға зақым келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға зақым келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.

**Техникалық қолдау [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтында орналасқан.  
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

### 2. ЖИЙНТЫҚТЫЛЫҚ

- Колонкалар – 2 дана
- Mini-jack (Ø 3,5 мм) 2RCA сигналдық кабель – 1 дана
- 2RCA 2RCA сигналдық кабель – 1 дана
- Акустикалық кабель – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулығы – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

### 3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



**Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.**

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөнде-  
меңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана  
жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін [www.sven.fi](http://www.sven.fi) сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың  
тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың  
шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның же-  
лілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн  
сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні  
қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық  
немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдала-  
ныңыз.

### 4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

STREAM LIGHT акустикалық жүйесі (АЖ) әуенді шығаруға және ойындарды, фильмдерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. Компьютер, CD/DVD-плеер және басқа да дыбыс сигнал көз-дерімен бірге пайдаланылады.


#### АЖ ерекшелігі

- Акустикалық жүйе PC, DVD/Media-ойнатқыштармен, ұялы телефондармен және басқа да  
дыбыс құрылғыларымен үйлесімді
- Монитор типті мультимедиялық жүйе
- Алдыңғы панельдегі басқару
- Құлаққаптарға шығыс
- Белсенді кроссовер
- Әр каналдың бөлек ЖЖ және ТЖ-күшейткіштері

## Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

# STREAM LIGHT

### Басқару панельдерін сипаттау

- ① POWER: қуат көзінің индикаторы
- ②  : құлаққап қосуға арналған ажырату
- ③ TREBLE: ЖЖ тембрдің деңгейін реттеуіші
- ④ BASS: ТЖ тембрдің деңгейін реттеуіші
- ⑤ VOLUME: дыбыс қаттылығының деңгейін реттеуіші
- ⑥ AUDIO IN L/R: дыбыс көзін қосуға арналған стереокіріс
- ⑦ SPEAKER OUT: бәсең колонканы қосуға арналған ажырату
- ⑧ FUSE 2A: сақтандырғыш
- ⑨ POWER ON/OFF: қуат көзін ажыратқыш
- ⑩ Қуат көзінің сымы

### 5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

#### АЖ орналасуы

• Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз.

• Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖ-ні осы аспаптардан барынша алысырақ орнатыңыз.


#### АЖ-ң қосылуы

STREAM LIGHT акустикалық жүйесі кез келген дыбыс сигналдарының көздеріне: CD/DVD/MP3-ойнатқыштарына, ДК дыбыс қаратсына және т.б. қосылуы мүмкін (3-сур. қараңыз).


• Қосар алдында АЖ-ң желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Жинақтағы акустикалық кабелін қолданып, колонкаларды бір-біріне қосыңыз (3-суреттегі қосылу схемасын қараңыз).

• АЖ-ні CD/MP3-плеерлерге, ДК дыбыс қаратсына қосу үшін mini-jack 2RCA сигналдық кабелін (жинаққа кіреді) пайдаланыңыз. Кабельдің 2RCA-джектерін AUDIO IN L/R ⑥ дыбыс кірісінің ажыратуына, ал mini-jack-ті дыбыс кірісінің көзінің Ø 3,5 мм стерео ажыратуына қосыңыз.


• АЖ-ні DVD-ойнатқыштарына, TV-ға қосу үшін 2RCA 2RCA сигналдық кабелін пайдаланыңыз (жинаққа кіреді). Кабельдің 2RCA-джектерін AUDIO IN L/R ⑥ дыбыс кірісінің ажыратуына, ал кабельдің басқа 2RCA-джектерін TV немесе DVD-ойнатқыштардың дыбыс шығысына қосыңыз.



1-сурет. Белсенді колонканың алдыңғы панелі



2-сурет. Белсенді колонканың артқы панелі



3-сурет. Қосылу схемасы

**Ескерту.** Кабельдердің дұрыс қосылуына дыбыстың сапасы байланысты. Сол жақтық RCA-джек күшейткіштің сол жақтық ажыратуына (ақ түсті), ал оң жақтық RCA-джек күшейткіштің оң жақтық ажыратуына (қызыл түсті) тығылуы тиіс. АЖ-нің жинағындағы кабельдерін пайдаланыңыз.

- ⑩ қуат көзі сымның айырын (2-сур. қараңыз) розеткаға тығыңыз.
- Алдыңғы басқару панельдегі VOLUME ⑤ реттеуішін сағат тіліне қарсы қарай шамалы бұрап жалпы дыбыс қаттылығының деңгейін белгілеп қойыңыз.
- Құрылғының қуат көзін белсенді колонканың артқы панеліндегі POWER (⑨, түрінде) ажыратқышымен қосыңыз, қуат көзінің индикаторы ① жанады. Кейін дыбыс сигналдың қуат көзін қосыңыз.
- VOLUME ⑤ реттеуішін бұрап жалпы қаттылық деңгейін ретке келтіріңіз. VOLUME ⑤ реттеуішін сағат тіліне қарай бұраған кезде қаттылық деңгейі ұлғаяды, сағат тіліне қарсы қарай бұрағанда – азаяды.
- TREBLE ③ қарай BASS ④ реттеуіштерін бұрап, жоғары және төмен жиілік дейгейін ретке келтіріңіз. Реттеуішті сағат тіліне қарай бұраған кезде жоғары және төмен жиілік деңгейі ұлғаяды, сағат тіліне қарсы қарай бұрағанда – азаяды.
- Құлаққаптарды ② ажыратуына қосыңыз.

#### Ескертулер:

- Егер Сіз АЖ-сін ұзақ уақыт қолданбасаңыз, белсенді колонканың артқы панеліндегі POWER ⑨ ажыратқышын өшіруді ұмытпаңыз және розеткадан желілік сымның айырын ⑩ суыруды ұмытпаңыз.
- Дыбыстың шығуын күшейту үшін Line-Out дыбыс картасының шығуын қолданыңыз.

## 6. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Жарамсыздық	Себебі	Жою жолы
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ немесе АЖ-нің колонкаларында дыбысы тым жай шығады.	Дыбыс қаттылықтың реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылықтың реттеуішін ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіріс дыбыстың үлкен амплитудасы.	Сигнал көздерінде және АЖ-нде дыбыс қаттылықтың реттеуіштерімен кіріс сигналдың көлемін азайтыңыз.

Жоғарыда аталған жолдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетімен жөндейсіз.

## 7. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мәні
Шығу қуаты (RMS), Вт	60 (2 × 30)
Жиілік диапазоны, Гц	45 – 27 000
Динамиктер диаметрі, мм төмен жиілікті жоғары жиілікті	Ø 100 Ø 25 (күмбезді)
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~220/50
Өлшемі (бір колонканың) (Ш × В × Г), мм	205 × 285 × 175
Салмағы, кг	6,7

### Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар, анықтамалар наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

## Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.0

**SVEN**®  
YOU WANT – WE CAN



### Үлгі: **Stream Light**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов  
көшесінің бұрылысы, үй 13/195, 13Б кеңсе,  
тел.: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.  
«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан  
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»  
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан  
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117,  
тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «СВЕН ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,  
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия  
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,  
Финляндия, Котка, Котлахдентие, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,  
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the  
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,  
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

© **Registered Trademark of Oy SVEN  
Scandinavia Ltd. Finland.**

**STREAM  
LIGHT**